



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті аудан тұрғындары, қадірлі ағайыны!

Сіздерді иіс мұсылман қауымының ортақ та ұлық мерекесі Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Құрбан – араб сөзі, қазақ тілінде «жақындау» дегенді білдіреді. Яғни адамзат Құрбан айт күні өзінің жасаған сауап істері арқылы жүрегі тазарып, Аллаға жақындай түседі. Құрбан айт мерекесінде құрбан шалу – Алла тағаланың қалауымен жасалатын әрекет. Құрбандыққа мал шалып, оның етін жетім мен жесірге, әлсізге тарту ету, сөйтіп қайырымды іс жасау – бүкіл мұсылмандардың адамдық, азаматтық парызы. Жалпы ислам қағидаттарында мұсылман адам жанындағыларға тек жақсылық жасайды, айналасына нұрлы шуақ шашып тұрады.

Ислам – бүкіл адамзатқа ортақ дін. Ислам бұл тазалыққа, қайырымдылыққа құрылған дін, кез келген жүрегі таза адам ұлтына, тіліне, діліне, нәсіліне қарамастан осы дінді ұстай алады. Ал ислам әлемінде Құрбан айттың орны бөлек. Құрбан айт – діни мереке, бірақ бұл – біздің ұрпақтарымызды адалдыққа, имандылыққа тәрбиелейтін, жақсылықтарға жетелейтін мереке.

Мен барлығыңызды Құрбан айт мерекесімен құттықтай отырып, ислам қағидаттарын дұрыс түсініп, ата-бабаларымыздың жолына, дінімізге адал болуға шақырамын. Егемен еліміздің ертеңі егесі жас ұрпақты бүгіннен бастап парасаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеу – біздің парызымыз.

Қадірлі ағайын, Құрбан айт құтты болсын! Пайғамбарымыз өсиет еткендей, тазалық пен имандылықты ту етейік. Халқымыз рухани жаңарып, кемелдікке жетіп, елде береке мен бірлік салтанат құрсын!

Аудан әкімі А.Есжанов



Өңір өнімі



Нан жауып, тосап қайнатқан

«Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады» демекші, сәрсенбіде таң атысымен нәсер жауынға қарамай ауданға қарасты елді мекендердің тыныс-тіршілігімен танысу, ауыл халқының қолға алған істерін ақпараттандыру мақсатымен Мырзабай ахун ауылына ат басын бұрдық. Нәсібімізге қарай Мырзабайда нәсер жауын жоқ, аздап бұлтты болғанымен күн сәулесі түсіп тұр. Әкімдік алдынан күтіп алған бас маман Талапбек Тоқтарбаев ауылда кәсіпкерлік өрісі кеңейіп, жыл артқан сайын қолдан келетін іспен айналысушылар саны артып, түрлі кәсіп ашылып жатқанын мақтанышпен жеткізді.

Ауыл әкімдігінің оң жақ тұсында креативпен салынған көпір көзімізге түсті. Көпірдің аяқ су өтетін арыққа тұрғындардың қолайлы жүріп-тұрысын қамтамасыз ету үшін салынғаны байқалып-ақ тұр. Көпірден өте салысымен төбетінді ашатын жағымды ыстық нанның иісі сезілді. Сөйтсе іргеде кәсіптің киелісі «Берекелі нан» наубайханасы жұмыс жасап тұр екен. Көз көріп тұрғасын кәсіптің тынысымен танысуды жөн көрдік, өрине елді мекенге келудегі мақсатымыз да сол болатын. «Егінші» шаруа қожалығының ықпалы мен демеуінің арқасында ашылған наубайхана бұл саланың қырсырын меңгерген ұш адамды жұмыспен қамтып отыр екен.

— Бізде демалыс жоқ. Сәні, жексенбі күні де жұмыс істей береміз. Күн сайын 150-ге жуық нан пісіреміз. Бәрі кешке дейін сатылып кетеді. Кешке қарай нан таусылып қалса, тұрғындар ренішін айтады. Нанмен екі ауылдың халқын қамтамасыз етіп отырмыз, оның ішінде ауыл тұрғындары алса, Мәдениет ауылынан үш дүкен сатып алады. Тұтынушылар пісірген нанымызды мақтап жатады, рахмет айтамын, — дейді Қожабаева Ләззат нан пісірудің қырсырын түсіндіріп.

Жазда барлығымыз қыстық азығымызды ойлайтынымыз рас. Жеміс-жидектің піскен уақытында тосап қайнату ешкімге таңсық емес. Ал кейбір қауым тосапты дүкеннен сатып алып жатады. Қазіргідей уақыт тапшы заманда бәні басу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Ауылда өрік ағаштары көп, жемісі піскенде жергілікті халық жейтінін жеп, қалғандары шіріп жататын көрінеді. «Егінші» шаруа қожалығының төрағасы Ерулан Өмірсеріков жемісті пайдалы нәрсеге айналдыру мақсатымен өріктен

тосап жасау идеясын ұсыныпты. «Көзін тапқанға кәсіп көп» дегендей, осындай жоғары сұраныстың бар екенін түсінген наубайханашыларымыз нан пісіруден бөлек бос уақыт болғанда өріктен тосап қайнатуды ағымдағы жылдың мамыр айында, яғни жеміс талдарының өнім беретін кезінде бастап кетіпті.

— Өрікті 100 теңгеден өзіміздің бағдарлардан сатып аламыз. Еңбектен қашпаймыз, күніне шамамен 1 литрлік 40 шыны ыдыс тосап әзірлейміз. Сұраныс жоқ емес, өніммізді әр шыны ыдысына 800 теңгеден дүкендерге өткіземіз. Тосапқа қосатын қантымыз, оны салатын шыны ыдысымыз бар, соның бәрін сатып аламыз. Сонда да өнімміздің бағасы қолжетімді деп ойлаймын. Оның өтуіне де себепші — халық, өрине тұтынушыларымыз ұнатып жатыр, ал қанттан мүлде тапшылық жоқ — дейді Жанар Орынбаева.

Тұтынушылар тарапынан азық-түлікке сұраныс қашанда жоғары. Оның үстіне ас атасы көз келген дүкен сәрсенбіде табылуы маңызды. Ең бастысы «нан болса, он де болатынын» көкейіне құйып алған наубайханашыларымыз қос елді мекендегі жергілікті тұрғындардың сұранысын толықтай қанағаттандырып, тәтті тосабын да саудаға шығарып, ауыл халқының алғысын алып отыр. Бірақ наубайхана қыс мезгілінде жұмысын тоқтатады екен, оның себебі ғимаратта жылу жүйесі қарастырылмаған. Наубайханашылардың өндігі талап-тілегі — ғимаратқа жылу беруді ретке келтіріп, 12 ай елді мекен халқын тәтті нандарымен қамтамасыз ету.

— Қазір кәсіппен айналысамын дегендерге мүмкіндік мол. Еңбектенемін деген адамға мемлекет тарапынан қолдау да көп. Тек таппыныс пен табанды еңбек керек. Бір кәсіп ашса, кемінде екі-үш адам жұмыспен қамтылады. Сондықтан бос жүрген жастарға кәсіп ашуға, сол арқылы өзін-өзі қамтуға кеңес беремін, — дейді ауыл әкімдігінің бас маманы Талапбек Тоқтарбаев.

Жалпы іс бастап, оның көкжиегін кеңейтуді жақсы түсінген ауыл халқының кәсіпке деген ерекше ынтасы айқын байқалды. Өрине нарық заманында ауылда мұндай істердің өркендеуі заңдылық деп ойлаймыз.

Жандос ЖАЗКЕН

Ауыл тынысы

Аптаның сәрсенбісінде ауа райы қолайсыздау болды, тұс ауа табиғат тосын мінез танытып, аудан орталығында бармақ басындай бұршақ жауыпты. Біз ол кезде кент орталығынан шалғай жатқан Жаңадария ауылына жолға шыққанбыз.

Еңбекпен екі ортадағы Аламесекті еңсергенімізбен алдымыздағы 18 шақырым шұқыры көп жол біраз уақытты алды. Қазір шүкір ғой, ауылдар арасын жалғайтын кіреберіс жолдардың бірқатары күрделі жөндеуден өтті. Мәселен, Бұқарбай батыр ауылының үстімен өтетін үлкен жолдың бүгінге дейінгі жағдайы қандай еді, ал қазір қалай? Еңбектен күрежолға дейінгі 8 шақырымның да бұрынғы халі мүшкіл болатын. Қазір қос ауылға алып баратын бұл жолдардың сапасына қатысты мәселе жоқ. «Жақсы бастама Жаңадарияда да жалғасын тапса ғой» дейміз іштей.

Қасымдағы әріптесім Жандос Жазкен екеуіміз Жаңадарияға қатысты білген деректерімізбен бөлісіп келеміз. Иә, бұл ауыл аймаққа бақша дақылымен, қауын-қарбызымен танымал. «Жайылманың қарбызын» қазір жұрт қалай асыға күтсе, Жаңадарияның барлық өніміне әлі де сұраныс мол. Әсіресе қыстық азығын базардағылар осында ала жаздай күтіп бапталған өніммен қамдайды. Себебі табиғи таза өнімді ұзақ уақыт сақтауға болатынын жалағаштықтар жақсы біледі.

1964 жылы құрылған ауылдың паспорт-тынан асып барамыз, жол жиегінде қос көлік тұр. Бақсақ, бірі Жаңадария ауылының әкімдігіне тиесілі автокөлік екен. Ал екіншісі жеке көлік, түркістандықтар тізгіндеген темір тұлпардың алдына картаның көлеміндей үлкен қағазды жайып қойған. Төртеуі де соған шұқшылып, қонақтар сапындағы бірі қолымен елденені нұсқағандай әр нәрсені айтып жатыр. Бұлар орталық көшенің кіреберісіне қойылатын арканың жобасын ұтып алғандар екен. Қос тарап та бір мәмілеге әзір келер түрі жоқ. Соған қарағанда өңімелері әлі ұзаққа созылатын сыңайлы. Ауыл әкімі Асхат Есқалиев пен бас маман Нұртас Төлегеновтың шырылдатындай реті бар. Себебі ауылға құйылған әрбір тиынның мақсатты жұмсалғанын қалайды, бір жағынан ел игілігін көрседі дейді.



Шалғай ауылдың шаруасы ширақ

Бізге де уақыт келген сияқты, қонақтар қозғала бастады, ал қос азамат бізге қарай беттеп келеді. Аман-саулық сұрасқасын әрі қарай өңгіме ауылдың тыныс-тіршілігі хақында өрбиді. Төртеуіміз де әкім тізгіндеген көліктің ішіндеміз, Асқеннің аузын бақсақ, ауылда біршама шаруа атқарылыпты, әлі де жүзеге асар жарқын жобалардың тізбегі бос емес.

Орталық көшемен жүріп келеміз, ұлы ақынның атындағы ішкі көшеге асфальт төселіп қойған. Енді жол белгілерін орнату, бағытты айқындайтын жолақшалардың сызылуы секілді ұсақ-түйек жұмыстары қалыпты. Оны да мердігер мекеме мамандары жасап жатыр. Жалпы ұзындығы 1237 шақырымды құрайтын бұл жолдың орташа жөндеуіне өңір тайқазанынан 40 млн теңгеге жуық қаражат қаралған. Бас

мердігер «Қызылорда Жолдары» ЖШС төсеген асфальттың сапасында әзірге мін жоқ. Олай-бұлай өткен жергілікті халықтың да көңіл-күйі көтерілді. Олай болмағанда ше, қазір айтсақ, күлкілі көрінер, бірақ бұл — ауылда 58 жылдан бері асфальт төселген бірінші көше. Яғни 1964 жылдан бері Жаңадарияның жолдары асфальт көрмеген.

Жалпы бізге ауылдың екінші тынысы ашылғандай көрінді. Бұған дейін барғанымызда астына ештеңе төселмеген ойын алаңында балалар бұрқыратып доп тегіп жүрген. Қазір ол жерге де жасыл төсеніш жайылған. Орталық көшенің жайын бағана айттық, барлық көшеге 100 пайыз жарық бағаналары орнатылған, ауыз су жүйесіне 2019 жылы күрделі жөндеу жүріпті. Қазір мұнда жергілікті ха-

лықты тәулік бойы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде мәселе жоқ. Электр бағаналары да 100 пайыз жаңарып, тоқ тарататын арнайы аппараттары толықтай ауысқан. Алдағы жылдың да өншісінде бірқатар шаруа тұр. Мәселен, Жаңадария, Достық және Қ.Сәтбаев көшелерінің жөндеу жұмыстарына қатысты құжаттар да әзір екен. Жобаның жалпы құны 25 млн теңгені құрайды. Бұған дейін аудан әкімі Асқарбек Есжанов ауыл ақсақалдарымен кездескенде осы 3 көшенің сапасына қатысты мәселені өңір басшысының назарына салған. Бұйыртыс, халықтың талап-тілегін орындайтын күннің де ауылы алыс емес сияқты.

Жергілікті халықтың тыныс-тіршілігі негізінен мал және егін шаруашылығына тәуелді. Ауыл шаруашылығының қос сала-

сында қалыптасқан серпін елді мекеннің еңсесін тіктеуге айтарлықтай қолғабыс болған. Жаңадарияда қазіргі таңда 50 кәсіпорын жұмыс жасап тұр. Олардың ішінде пластик терезе шығаратын шағын цех, тігін шеберханасы секілді өндіріс орындары да бар. Жалпы жергілікті халық бұрынғыдай емес, кәсіп ашуға машықтанған және одан үлкен пайда барын жете түсінеді. Жуырда ауыл тұрғындарының бірі 10 млн теңгеден астам мемлекеттік бағдарламамен несие алып, мал шаруашылығы бағытында өз ісін бастап кетіпті. Басқа да түрлі жобалар әзірлеп жатқан тұрғындар көп.

Бағана сөз басында айттық, бұл ауылдың халқы ала жаздай бақша дақылдарын және көкөністі күтіп-баптауға машықтанған. Ал бұл бағытта кәсіп жандану үшін ауылда аяқ су мәселесі болмауы керек. Мәселен, қазір етектегі егіс алқабында бірқатар шаруашылық иелері бақша дақылдарын күтіп баптап отыр. Алды алдағы бір жетіон күнде өз өнімін нарыққа шығаруға қам жасауда. Ал қырдағы алқапқа дән салайын десе, аяқ су мәселесі туындап тұрған көрінеді. Жуырда ол да шешімін тауып қалар. Себебі қырдағы алқапты аяқ сумен қамтамасыз етуге толық қауһарлы «Іңкәрдария» каналы қайта қазылады. Ұзындығы 7,9 шақырымды құрайтын бұл каналды қазу жұмыстарына қыруар қаражат қаралып қойған.

Асхат Есқалиев қазір жергілікті халық санында есім барын айтады. Бұрын әр жыл сайын ауылдан 4-5 отбасы қоныс аударса, қазір керісінше көшіп келушілер көп екен. Олай болмағанда ше, инфрақұрылымы дамыған, кәсіп ашамын дегендерге барлық жағдай қарастырылған, бұйыртыс, алдағы уақытта тағы бір балалар ойын алаңының құрылысы басталады. Жалпы Жаңадарияның бүгінде екінші тынысы ашылғандай көрінді бізге.

Елді мекендердің еңсе тіктегені кімге болса да тиімді ғой, өрине. Айтақшы ауыл әкімі сәрсенбінің сәтті күнінде Жаңадария мен Аламесекті жалғайтын жолдың құрылысы да жуырда басталатынын айтты. Тіпті мердігер мекеме де анықталып қойған. Бұйыртыс, ауылда соңғы 1-2 жылда жол құрылысы қарқын алғайы тұр. Жалғыз мәселесі де сол еді. Аудан басшысының халықпен кездесуінде айтылған талап-тілектер шешімін тауып келеді. Ал қалған елді мекендерде қандай мәселелер көтерілді, оның қаншасы шешімін тапты, қаншасы алдағы уақыттың өншісінде? Бұл жайында басшының алдағы сандарында жазармыз. Бастысы сүйіншілейтін жаңалықтар көп болсын.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Аппарат

Аптаның бейсенбісінде аудан әкімдігінде аппарат мәжілісі өтті. Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен өткен жиында үш мәселе көтеріліп, тиісті сала басшыларының баяндамалары тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2022 жылдың 1 шілдесіне аудан бюджетін атқару туралы аудандық қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұлу Маратқызы баяндама жасады. Бөлім басшысы хабарламасына құлақ түрсек, 2022 жылдың алғашқы жарты жылдығында аудан бюджетінің жалпы түсімдер жоспары 6 113 995,4 мың теңге болса, орындалуы 6 186 870,6 мың теңге немесе 101,2 пайызды құраған. Оның ішінде жергілікті кірістер жоспары бойынша 107,3 пайыз немесе 62 940,9 мың теңге артығымен орындалыпты.

— Дербес бюджет бойынша кент, ауылдық округтердің өз кірістерінің жылдық жоспары — 135 619 мың теңге. Жылдық болжам көрсеткішін 100 пайыздан жоғары Жаңадария, Аламесек ауылдық округтері орындаса, Ақсу, Жалағаш кенті, М.Шәменов, Аққұм, Аққыр, Қаракеткен және Мырзабай ахун ауылдары 80 пайыздан жоғары орындаған. Есепті мерзімге Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппараты 144,7 мың теңгеге өз кірістерін орындамаған. Ал шығыстарға келетін болсақ, 2022 жылдың 1 шілдесіне шығыстар жоспары — 6 299 887,5 мың теңге, орындалуы — 6 252 929,4 мың теңге немесе 99,3 пайыз. Игерілмегені — 46 958,1 мың теңге. Оның ішінде дербес бюджет бойынша 4 768 мың теңге атқарылмаған немесе 99,6 пайызды құрайды. Оның негізгі себебі 30 маусымдағы жағдай бойынша ағымдағы трансферттерден Қызылорда облысының жұмыспен қам-туды үйлестіру және әлеуметтік бағдарла-малар басқармасынан 61 611 мың теңге, даму трансферттерінен Қызылорда облы-сының құрылыс басқармасынан 19 646 мың теңге, барлығы 80 946 мың теңге түспегенін болып отыр. Қаражаттың түс-пеуі 30 маусым күні жіберілетін шығыстар жоспарын атқаруға кері әсерін тигізуде, — дейді бөлім басшысы.

Аудан басшысы осы саладағы біраз мәселелерді сынга алып, ауыл әкімдеріне, тиісті мекеме басшыларына бірқатар тапсырма берді.

— Алдағы уақытта шілде айында шығыстар бойынша 1 млрд теңгені иге-руіміз қажет. Оның ішінде республикалық бюджеттен 420 млн теңге орындалуға міндетті. Сондықтан тиісті бюджеттік бағ-дарлама әкімшілеріне республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты игеру бойынша нақты шаралар жүргізуді тап-сырамың, — деді А.Есжанов.

Ал қаржы бөлімі тарапынан барлық бағдарлама әкімшілеріне жоғары тұрған бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен ты-ғыз жұмыс жасап, қаржыландыру жоспары шегінде төмен тұрған бюджетке ағымдағы және даму трансферттерінің мерзімінде аударылуын қадағалауды ұсынды.

Басқосуда 2022 жылдың 1 шілдесіне салық салу базасын кеңейту бойынша атқарылған жұмыстар және алдағы мін-деттер күн тәртібіндегі келесі мәселеге арқау болды. Бұл туралы Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Руслан Байғазиев баяндады.



Жүйелі жоспар оң нәтижеге жеткізеді

Басқарма басшысы баяндамасын болжамдардың орындалуынан бастады. Жалпы Жалағаш ауданы бойынша 2022 жылдың 6 айында мемлекеттік бюджетке 1 034 368 мың теңге болжамдалып, 1 125 723 мың теңге түсім түсіп, болжам 91 355 мың теңгеге артық немесе 108,8 пайызға орындалған.

— Оның ішінде жергілікті бюджетке 830 599 мың теңге болжамдалып, 920 206 мың теңге түсіп, болжам 89 607 мың теңгеге артық немесе 111 пайызға орындалды. Өткен жылдың сәйкес кө-зеңімен салыстырғанда түсіміңіз өсу қарқыны 52 227 мың теңгеге кеміп немесе 94,6 пайызды құрады. Себебі «Саутс-ойл» ЖШС қаржы тапшылығын алға тартып, ағымдағы жылдың да есебін, яғни 2-ші кезең үшін 80 463 мың теңгеге төлем жасамай отыр, — дейді Р.Байғазиев.

Баяндамадағы мәліметтер бойынша салық базасын ұлғайту мақсатында 2022 жылдың I жарты жылдығында қосымша бюджетке төленетін кіріс көздерін іздес-тіру мақсатында, камералдық бақылау, салықтық есептіліктерге талдау, салық төлемгерлермен әңгімелесу, түсіндірме жұмыстарын жүргізу, уәкілетті органдар тапсырып отырған мәліметтерге салыс-тырмалы жұмыстарды жүргізу нәти-жесінде жергілікті бюджетке қосымша 99 028 мың теңге түскен. Жалпы бөре-шектердің басым бөлігі Жалағаш кенті, Бұқарбай батыр, Аламесек, Мырзабай ахун ауылдық округтеріне тиесілі.

Сараптай келе аудан басшысы Ас-қарбек Темірбекұлы салықтан жалтарған кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға заң шеңберінде іс-шара қолдануды талап етті. Себебі төлем жасамдау, яғни са-лықтан жалтару әрекеттері аудан эконо-микасына кері әсерін тигізетіні анық. Сондай-ақ ауданға қарасты ауылдық ок-ругтердің әкімдеріне бұл мәселе бойынша тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды.

— Ауданға 1 тиын түссе де аудан халқының игілігіне жұмсалады, яғни ха-лықтың әл-ауқаты жақсарды деген сөз. Сондықтан біз мемлекеттік қызметшілер туған жерге жанымыз ашып, патриоттық көзқараспен жұмыс жасауымыз қажет, өйткені халықтың қызметшісіміз. Сосын ауыл әкімдері бойынша жоспарды әр елді мекеннің мүмкіндіктерін, потенциалдарын ескере отырып, қайтадан қарап шығуды

ұсынамын. Себебі 785, 483 пайыз көр-сеткіштер дегенімізді айтуға ұяласын, осы сандарға қарап біз жоспарды орындадық деп тоқмейілісіп жүруге де болмайды. Әрине жұмыстарыңызды жоқ-қа шығармаймын. Мәдениет ауылдық округінен басқа ауылдар болжамды толық орындапты, — деді аудан әкімі.

Айта кетейік, 6 айда басқармамен тағайындалған тексеру нұсқамасы не-пізінде салық органдарына дара кө-сіпкер ретінде тіркелмей заңсыз такси қызметімен айналысқан 6 жеке тұлға анықталып, құжаттары аудандық сотқа жолданып, қорытындысымен 183,7 мың теңге айыппұл салынған болатын. Ба-ла-шағасын асырап, жағдайы керем-ет болғаннан такси қызметімен ай-налысып жүрмегенін жақсы түсінетін аудан басшысы «Жүргізушілерді төлей бергеніміз аса қажет әрекет пе?» деген сауал тастады. Асқарбек Есжанов осы мәселе бойынша құзырлы мекемелерге 10 күн уақыт беріп, осы қызметте жұмыс жасайтын диспетчерлермен кездесіп, тал-дау жасап, бір шешімін табуды талап етті.

Күн тәртібінде қаралатын соңғы мә-селе, яғни аудан көлемінде жер заңна-масының сақталуы бағытында атқа-рылып жатқан шаралар туралы аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Бабаназар Байболов хабарлама жасады. Мәліметтерге көз жүгіртсек, Жалағаш ауданының жалпы жер қоры 2 873 640 гектарды құраса, оның ішінде 591 563 гектары Қарағанды облысынан ұзақ мер-зімді пайдалануға алынған. Сонымен қатар Жалағаш аумағының 11 149 гектар жері Ресей Федерациясына пайдалануға берілген екен. Жер пайдаланушылар ретінде тіркелгендер саны 492 болса, оның ішінде 458 шаруа қожалық, 28 ЖШС, 4 өндірістік кооперативі мен 2 мемлекеттік заңды тұлға бар.

— Қиындық туғызатын негізгі мәселе бар, ол — жер үлесі есебінен құрылған ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы жайылымдардың пайдаланылмауы. Атап айтқанда, жер үлескерлерінің жеке малдарының болуы және сол жеке мал-дары үлесте тұрған жайылымдарда жайылғанымен шаруашылықтың атын-да тіркелмесе, ол жер учаскелері пай-даланылмай тұрған жерлердің есебіне жатады. Қазіргі таңда аталған мәселені

шешу мақсатында шаруашылықтардағы жер үлескерлерінің тіркелген мал санының есебі алынуда. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде аудан бойынша ауыл шаруа-шылығы мақсатындағы көлемі 2 562,6 гектар болатын 14 жер учаскесі мем-лекет мөңшісіне қайтарылды, — деді бөлім басшысы.

Атқарылған жұмыстар мен мәселелер айтылған баяндаманы тыңдаған аудан әкімі талдай келе құзырлы бөлім басшы-сына бірқатар тапсырма жүктеді. Ауыл әкімдеріне де бұл мәселе жөнінде көмек беруді ескертті.

— Жер мәселесі сонау ықылым за-маннан келе жатыр, қазір де жоқ емес, бірақ заман өзгерген сайын бұл мәселе де түрленіп келе жатыр. Ауданда тым жақсы аграрлы-индустриалды «Серпін» көшені бар. Сол аймақтан кәсіп ашамыз, инвестиция тартамыз деген кәсіпкерлер болса, мүмкіндік жасаймыз деп айттық, әлі де айтып келеміз. Кезінде екі дара кәсіпкер жұмыс істейміз деп сол аймақтан жер телімін алған болатын, қазір сол жер бос жатыр, үзде берген жұмыстардың ешқайсысы орындалмаған. Ендігі сәтте бұл аймақтан жер телімін беру тоқтай тұрады, ең алдымен жер аламың, еңбек ететімін деген азаматтардың тізімін жасап, алдын ала талдауымыз керек,— деді Асқарбек Есжанов.

Қорытындыға келсек, аппарат жи-нында көтерілген мәселелерге байла-нысты сын-ескертпелер, ұсыныстар да айтылды. Әсіресе сынга іліккен ауыл әкімдеріне енді жыл аяғына дейін тиісті тапсырмаларды орындау қатаң ескерілді. Тоқмейілісіп кеудені кеңге жатыр заман емес екенін айтқан өңір басшысы сынықтан сылтау іздегенше, мәселенің мәнісіне үңіліп, нәтижеге жетуді қатаң тапсырды. Таңертең ерте тұрып, ауылды аралап, халықпен өтене араласып, өтініш-тілектерін тыңдап, сол бойынша жұмыстар жүргізу тек ауыл әкімдерінің міндеті ғана емес, барлық мемлекеттік қызметшілерге қатысты екенін тілге тиек етті. Талап бар жерде тәртіп те, табыс та бар екені бөрімізге бесенеден белгілі. Бағыт айқын, мақсат бір, тек жүйелі жұмыс жалғасын табуы тиіс.

Жандос ЖАЗКЕН



Құрбан айт – барша мұсылманның ұлық мейрамы

Әлемдегі барлық жаратылыс адамзаттың игілігіне берілгенімен, бүкіл жаратылыстың иесі – Алла. Ол біздерге мал-мүлік берсе, Алланың берген нығметіне шүкіршілік етіп, орнымен жұмсап, шүкіршілігі ретінде Алла разылығы үшін белгілі бір мөлшерін мұқтаждарға беру керектігін де ескертеді. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде де “қайыр-садақа ретінде не берсеңдер де өздерің үшін жақсы болады. Не берсеңдер де, тек Алланың разылығы үшін берулерің керек. Ізгілік жолында не жұмсасаңдар да соның бәрі өздеріңе толық қайтарылады және сендер әділетсіздікке ұшырамайсыңдар” деген. Расымен әр адамның істеген ізгі амалы өзіне пайда береді.

Мына бір мысалға зер салсақ, жасаған игі амалымыздың бәрі өзімізге қайыр әкелетінін түсінеміз. Сонымен ертеректе бір мұсылмандардан болған Ләйс ибн Сағд деген кісі бал сатудан айналысқан екен. Бір күні оның кемесі жағаға келіп тоқтайды. Кемеді үлкен бөшекелерге құйылған бал болатын. Осы мезгілде кішкентай ыдысын ұстаған күйде бір қарт әжей Ләйс ибн Сағдқа келіп, оған бал құйып беруін өтінді. Алайда Ләйс ибн Сағд бал беруден бас тарттады. Әлгі әжей өз жөніне кетісімен Ләйс ибн Сағд өзінің көмекшісіне оның

мекен-жайын анықтап, бір бөшке балды үйіне апарып беруді тапсырады. Оның бұл ісіне таңырқаған көмекшісі:

— Ол кейуана сізден кішкентай ыды-сына шамалы мөлшерде бал құйып беруін сұрағанда оның бетін қайтарып, енді қар-балды бөшекесімен үйіне апарып бер дейсіз! Бұныңыз қалай, — дейді.

Көмекшісінің сауалына Ләйс ибн Сағд: — Әлгі әжей шамасына қарай сұраған болатын, ал мен оған өз шамама қарай бергелі жатырмын. Әрбір садақа жасаушы адам өзінің берген садақасы пақырдың

қолына тимей тұрып, Алланың құзырына жететіндігіне сенімі кеміл болған жағдайда, садақаны алушыдан қарағанда оны беру-ші өлдеқайда ләззатын көбірек сезінетін еді, — деп жауап қатқан екен.

Түсінгеніміздей, бұл жерде бал сатушы әрбір игі істі жасарда Алланы еске алып, оның разылығын іздеп, ниеті мен ықыласы тұзу болғанда ғана өзі жасаған жақсы амалының қайырын көре алатынын мең-зейді. Құллі мұсылман қауымы үшін Алла жолында ізгі іс жасауа мүмкіндік беретін ұлық мереке бар, ол — Құрбан айт мерекесі.

Дәл осы мерекеде ниеттеніп қайырлы іс қылған адамның құлшылығы Аллаға же-теді. Міне, баршамызды қуаныш-шаттыққа бөлейтін, берекелі, мұсылман қауымның ұлық мерекесі Құрбан айт келіп жетті.

Тарихы сонау Ибрахим пайғамбардың тұсынан бастау алған бұл мейрам биыл арапа күні 8 шілдеге сәйкес келіп, ал бүгін Құрбан айт мерекесінің бірінші күні болып бекітілді. Негіз Құрбан айт мерекесінде мүмкіндігі бар әрбір мұсылман Алла Тағаланың ризашылығы үшін құрбандық шалуы тиіс. Мал шалғанда пенделердің ниетінің негізге алынатыны Құран Кәрім-де былайша баяндалған «Ешқашан құр-банның өттері, қандары Аллаға жетпейді. Бірақ сәндердің тақуалықтарың жетеді» («Хаж» сүресі, 37-аят). Демек Алла біздің сойған малымызды емес, ықыласымыз бен тақуалығымызды, ниетімізді қабыл етеді. Алла Елшісі оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын бір хадисінде: «...қаны шыққан мал Қиямет күнінде (иесіне) мүйіздерімен, тұяқтарымен және жүндерімен келеді. Ағзылған қан жерге тамбай тұрып, Алла Тағаланың құзырында ерекше жо-ғары дәрежеге жетеді. Сондықтан шын жүрекпен әрі ризашылықпен құрбанда-рыңды шалыңдар» деген екен. Ал келесі бір хадисінде Құрбандыққа шалынған малдың алғашқы қаны жерге тамумен құрбандық шалушының бұрынғы күне-лары көшірілетінін айтады. Сондықтан шын жүрекпен әрі ризашылықпен құрбанда-рыңды шалыңдар» деген екен. Ал келесі бір хадисінде Құрбандыққа шалынған малдың алғашқы қаны жерге тамумен құрбандық шалушының бұрынғы күне-лары көшірілетінін айтады. Расында бұл күннің ұлықтығы да осында болса керек. Шалынған мал арқылы ықыласты адамның күнәлары көшірілсе, ең бастысы Алланың рақымына бөленсе, пенде үшін одан асқан қайыр бар ма?!

Жалпы Құрбан айт мерекесі мейірім-нің мерекесі болуы керек. Бұл күні рен-жіскендер татуласуды, үлкен жүректен шығатын игі істерді, сауапты амалдарды көбірек жасауды, жетім-жесірлерге қол ұшын созып, мұқтаж жандарға жәрдем-десуді мүмкіндігінше атқаруға тырысуы керек. Өйткені адам баласының дүниеге келудегі мақсаты — Аллага құлшылық ету, Жаратушысына бойысуы. Ал құлшы-лықтың негізі мұсылманға міндеттелген бес пәрыздан тұрады. Ал өзгелерге жәр-дем беру, қуанту, мейірім шуағына бөлей алу мен қайырымдылық жасау — мұсыл-манның кемелдену жолы.

Асыл дінімізде айтылғандай, құр-бандық шалу тек мал бауыздаумен шек-телмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, бас-қаларға жанашырлығы таразыға түсе-ді. Сондай-ақ пенденің пенделілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады. Барлық игі істің, ізгі амалдың бастауы ниет екенін әрқез есте ұстау керек. Әңгілеміздің тұздығында айтқан мысалымыз осы сөзімізді қуаттай түспек.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Бөрекелді!

Мерейлі отбасы— мемлекет мақтанышы

Қазақта: «Бақыт – қолдағы мұз, ериді де кетеді, қыз – қолыңдағы құс, ұшады да кетеді, ұл – артыңдағы із» деген сөз бар. Астарында баға жетпес мағына жатқан бұл жолдардағы «... артыңдағы із» деген тектілік тұлғасын, ұлттық болмысын, шаңырақтың киесі мен ата-ананың қадіріне жете алған азаматты айтса керек. Із қалсын, бірақ өзегі тапып өсіргенді өзекке тебетін емес, өле-өлгенше өзінің қызметін қылатын, перзенттік парызын өтейтін салықалы, асыл із қалсын дегені. Дүниеге адам болып келген соң, адам болып кету – парыз. Адамның адамшылығы да осы алдымен ата-анаға деген қарым-қатынасынан көрінеді.



Жалпы ислам дінінде де дос тандарда алдымен ата-анасымен байланысына қара деп айтылады. Халықтың «Жақсы әке балаға мың жыл азық» дейтіні де бөкер емес. Әке-шеше перзентін бар мейірін тегіп, жылы-жұмсағын алдына тосып, елден кем қылмау үшін күн-түні түзде жүрсе де бар ауыртпашылықты көтеріп жеткізеді. «Баламның табанына кірген шеңге менің маңдайыма кірсин» деп, бауыр еті балапанының өзі үшін қаншалықты қымбат екенін айтады. Кәмелетке толғанда шетелдегідей өз күніңді өзің көр деп, тағдырға итеріп салып қоя алмайды. Өскенше сені бағады, өлгенше немересін бағады. Тектілік тұнған қазақ қоғамында үлкенге құрмет көрсету қалыптасқан қағида, қанда бар қасиет. Біз жоғарыда айтқан ата-ананың қадіріне жете алу — ұлтымыздың менталитетінде бар қасиет. Перзент ұясында көргенін өмір бойы өзіне азық қылады. Ата-анасының тағылым, тәрбиесі, баланың алдындағы бір-біріне сыйластығы, барлығы — бала үшін өнеге. Өйткені бала әке-шешеге қарап бой түзейді. Ал сыйластық пен сенімге құрылған отбасынан ержүрек ұл мен ибалы қыздың тәрбиеленіп шығатыны даусыз. Міне, қасиетті қарашаңырақ, мерейі тасыған отбасы деген осындай болмақ.



Кеше аудан әкімдігінде «Мерейлі отбасы» ұлттық кон-курсының аудандық жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбеттің төра-ғалығымен өткен жиында ұлттық құндылықтарды жаңғыртуда және отбасы мәртебесін арттыруда көпке үлгі болып жүрген бірнеше отбасының өнегелі өмірі тілге тиек етілді.

— Отбасы — киелі ұғым, ол — әрбір адам баласының кішігірім Отаны. Отбасы — өмірдің мағынасы, мәні. Сондықтан қазақ халқы қашанда отбасы беріктігі мен шаңырақтың шайқалмауын жоғары қойған. Біздің ауданда да осындай берік негізде құрылған, өзгеге үлгі қыларлықтай шаңырақ иелері өте көп. Олардың саялы бәйтерекке айналған үлкен шаңырақтары бірлікті ту етіп келеді. Міне, бүгін қоғамдағы бөлсенділігі үшін және өнегемен өрілген өрелі істері үшін көптің ризашылығына бөленген бірнеше отбасын құрмет төрінен көріп отырымыз. Мерейлі отбасы атануларыңызбен құттықтаймын, — деді аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет.

Айта кетейік, аталған байқау барысында 12 отбасының үлгі боларлықтай өнегелі істері зерделене келіп, үздік үштік тандалған. Нәтижесінде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық кезеңінің жеңімпазы болып I орында Аққыр ауылындағы Маштаевтар отбасы иеленді. Ал екінші орынды Еңбектегі Бекниязовтар отбасы, үшінші орын кенттегі Мырзағалиевтер отбасына бұйырыпты. Бұдан бөлек аудан әкімінің арнайы алғыс хатына Мақпалкөл ауылындағы Жәметовтер, Мырзабай ахун ауылынан Мамашовтар мен Жармахановтар отбасы ие болды.

Отбасы шағын мемлекет дейміз. Әр отбасы қоғамның бір бөлігі деп «отбасы» деген ұғымның қадір-қасиетін әспеттейміз. Оның себебі де жоқ емес, қазақ халқы үшін отбасы — киелі ұғым. Отбасының айрандай ұюы ондағы бірлік пен сыйластықтың қаншалықты екенімен тығыз байланысты. Ер азамат — шаңырақтың иесі, әйелі мен бала-шағасының қорғаны. Қазақта отағасы болған ер азаматтан «бала-шаға, мал-жан аман ба?» деп сұрайтын болған. «Әйел бала» деген сөз тіркесі «бала-шаға» түсінігімен алмастырылып, ер азаматтың биіктігін көрсеткен. Әке сипаты бір сөзділік, мәрттік, жомарттық, қайырымдылық, әділеттілік, адалдық қасиетпен шендесіп тұрады. Нәтижесінде өкені айрықша құрметтеу сезімі отбасылық дәстүрді бекітеді. Өкенін алдында қалай болса солай сөйлемеу, бейбәп құлмеу қағидасы қалыптаспады.

Қазақ даналығында «Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып, қыз сөйлегеннен без» деген тағылым бар. Оның астарына үнілсек, тағы да өзіңді өмірге әкелген, бар мейірімі мен ғұмырын сарп еткен жандарды қашанда құрметтеу керек екенін түсінеміз. Ал отбасы мүшелері арасында жарастық тамырын жайғанда ғана мерейлі шаңырақ шаттыққа көнеліп, қоғамға сыйлы болады.

Нұр НАУАН

3 КҰЖАТ

Қаламгер келбеті

Ол жұлдыз болып жанды, Ол жұлдыз болып қалды

Ақын Зейнолла Шүкіров 1927 жылы туған. Сегіз жасында асау тайлақтан құлап, жұлынға зақым келіп, сал ауруға ұшырап, екі аяғын баса алмай қалады. Мұнысын ақын былайша тебіреніп жырлаған еді:

Ол кезде сәби едім, сегізде едім,
Білмеймін нені арман қып, нені іздедім.
Сартесек науқас болып жаттым әлсіз,
Өмірден күдерімді тек үзбедім.

Ақынның көрген өмір азабын халық ақыны Мұзафар Әлімбаев былай деп жазады: «Ол жар құшқан жоқ, ол перзент сүйген жоқ. Елу екі жастан аса бере қаза болды. Осы мағлұматтарға қарап, сырын білмес сырт көздер «Аянышты екен! Өмірден ешбір қызық көрмей, өксімен өткен екен-ау» деуі ықтимал. Ал шындап келгенде бұл – ауылы азаматтың тағдыры, бұл – қайсар күрескердің тағдыры, ол – көзі тірісінде көркем шығармалардың бас қаһарманы атанған жігіт тағдыры.

Шындап келгенде, ол – талантты ақынның тағдыры. Ол – талайдың талабын қолдап, таланттын ашқан ұстаз аға тағдыры! Ол – қазақтың Корчагині атанған құрыш қазақ тағдыры».

Ендігі айтағымыз, осы айтқандарды өліміздің келгенінше оқырман қауымға түсіндіру, ақынмен кездескен сәттеріміздегі ұққанымызды, білгенімізді азды-көпті әңгіме ету. Олай болса сөз басын ақынның мына өлеңінен бастайықшы:

Кіндігім бірге Аралмен,
Теңізден тыныс алам мен.
Ақ пейіл ана сөкілді.
Алдымда жатыр далам кең.
Сырласып жібек самалмен,
Желпінсе жүрек жаңа өнмен.
Теңіше жаным кең шалқып,
Теңіше толқып қалам мен.
Тартыпын, теңіз, саған мен,
Дауылың берсе маған дем.
Өзімнің күлсәк көңілімдей,
Көк пүлпіш кілем жағаң мен.
Аспанның қандай арал кең!
Күрсініп неге алам дем.
Бір нашар туған балаң ба ем?
Қияда биік сол мұрат,
Өзіңнен алып зор қуат.
Бір жұлдыз болып жанам мен,
Бір жұлдыз болып қалам мен!
Хош, бұдан біз не көреміз? Бұнда біз

ақынның теңізге туып, теңізге өскенің, өмірінің көпшілігі теңізге байланысты болғанын аңғарамыз. Шынында ақын Зейнолла Шүкіров Арал теңізінің жағасындағы Бөген деп аталатын балықшы ауылында дүниеге келген.

Туған жер туралы әңгіме қозғағанда ақын ағамыз «Арал дегенде менің шығарға ғана жаным бөлек, шыр етіп жарық дүниеге келгенімде ең алғаш құлағымға анамның әлдімі мен теңіздің шуылы тиген шығар-ау» дейтін. Олай болса мына бір өлеңін оқып көрейікші.

Шалқар теңіз, шуылдайсың,
Неге алмайсың сен тыным,
Асыр салып, көкке атылып,
Ойнайды ерке толқының.
Көбік шашып күркейейді,
Соғып жартас төсіне,
Бұрқ-сарқ етіп құлап түсіп,
Қайратынды көрем мен.
Асқақ үнді жыр іздесем,
Күнде саған келем мен.
Тымық түнде тұңғыққа,
Қонақтаттың сен Айды,
Күміс Күн де көкжиектен,
Қимай саған қарайды.
Қандай көркем маужыраған,
Жазғы сабат кешкі уақ,
Мүлгіді ойышыл жасыл жағаң,
Не тыңдайды жас құрақ?
Сыршыл жырдың бір шумағың,

Таптым ба екен сонан мен,
Терең ойда толқып жалғыз,
Тебіренгендей болам мен.
Қандай рахат толқында ойнап,
Шайқалғаны кемеңің
Қиялыма қияға ұшар,
Қанат берші деп едім.
Көкте ойнақтап шабақ қуаң,
Көл еркесі шағала.
Неге маз боп сақ-сақ күліп,
Шарқ ұрып жүр жағада?
Енді білдім еркелікті,
Үйреніпін сенен мен,
Әдемі жыр мазамды алса,
Әлі талай келем мен.

Теңіз суретін мөлдіретіп, кей тұстарын дауылдатып, мың құбылтып, жырлаған ақынның құдыреттілігі, аса дарындылығы емес пе?! Әкесі Әнәлиа балықшылықты кәсіп етсе, шешесі Набат үй тіршілігімен айналысқан абзал ана болатын. Біздің отбасының ақын жануасымен жақын жөкежатығы бар. Содан ба, әлде ақынның бауырмалдығы ма Қызылорда қаласына бара қалсақ, ақын ағамызға сөлем беріп шығу біз үшін жазылмаған ереже сияқты еді. Әсіресе 1970-1979 жылдары аралығында Зейнолла ағаның үйінде жиі болып, талай азаматтармен танысқан едік. Оның Қызылордадағы үйі бір сәт қонақтан бос болмайтын. Бірі келіп жатса, енді бірі келіп жататын.

Мәселен, мен өзім қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Қалмахан Әбдіқадыров, ақын Әбдікәрім Оңалбаев, жазушылар Саид Баязитов, Нәсіррадин Сералиев, Досмағанбет Тасекейов және басқа да ақын-жазушылармен Зейнолла ағаның үйінде кездесіп, танысқан болатынымын. Сол кезде облыс көлеміндегі талапкер жастардың ақынның отбасында болмағаны кемде-кем шығар. Олардың барлығына да ол ақыл-кеңесін беріп, көп сілтеп отыратын.

Бірде қазалылық ақын жігіт Файзулла Омаров екі дәптер өлеңін апарып оқытыпты. Асықпай оқып шыққан ақын

– Қазақ баласында екі қанат болады. Бірі – ана тілі, екіншісі – орыс тілі. Осы екі қанатпен ғана ұша аласың. Бір алақанмен қол шапалақтауға болмайтын сияқты, бір қанатпен ұша алмайсың, осыны ескер. Бұл бір! Екіншісі, әуелі жоғары оқу орнын оқып, шынайы білім ал, ал ақындық – кәсіп емес, өнер. Өмірден орнын тауып, қаланып ал, сосын қаламыңды ал! Әзірше тек талабың бар, оқымдың өлеңдеріңді. Екеуі ғана өлең, басқасы көбең, шыны соң – деген екен.

Өлеңім – солмас гүлім, көңіл хошым,
Туысым, өмірдегі жақын досым.
Құй тілеп, керілмейтін, ерінбейтін,
Жайлауда кабинетім – қамыс қосым.
Міне, бұл – өлең. Бұл – ақын Зейнолла Шүкіровтың сөзі. Ақын Зейнолла Шүкіровтың өз аузынан естігенімиздей, үшінші класында толық оқи алмай үйде отырып қалады. Бірақ ол табиғаттан аларын алу үшін өз бетінше ізденіп, өз бетінше оқуын үзбейді. Ауыл кітапханасындағы кітаптың барлығын оқып тауысады. Онымен шектелмей, өз бетінше сөздік арқылы орыс тілін үйренуден болады. Өзінің айтуынша 50 томдық орыс тіліндегі «Большая Советская энциклопедия» атты кітапты толық оқып шығады.



Үйде отырып өзінше білімін көтеруден айналысқан ол Шипачев пен Маршакты, Максим Горький мен Михаил Шолоховты, Фет Тютчев пен Адам Мицкевичті, Гете мен Байронды сүйсіне де, түсіне де оқитын дәрежеге көтеріледі. Оның алғашқы өлеңдері облыстық және республикалық баспасөзде 1952 жылдан бастап үзбей жарық көре бастады. «Менің достарым» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1955 жылы шығады. Мұның өзі жас талантқа үлкен жауапкершілік артып, құлашын биікке қарай сермеуіне, жаңа туындыларды өмірге келтіруге талап жүгін артқандай болды.

Мұнан кейін оның «Теңіз жырлары», «Тоғысқан тағдырлар», «Арал дәптері» атты кітаптары бірінен соң бірі дүниеге келе бастады. Әдебиет майданына қосылған жиырма шақты жыл ішінде ол өмірге он үш кітап келтірді.

Ақынның ән шығаратын да өнері болатын. Мысалы, «Неге, сәулем, шығарып сала алмадың?» атты әннің сөзі де, музыкасы да Зейнолла Шүкіровтікі. Осы өлеңін ақынның 95 жылдығында тағы бір еске түсіріп көрейік.

Неге осында кездестім саған, жаным!
Неге аңғардың қара көз қалалғанын?
Көтер жерде амал не бір өзіңді,
Көп досымының ішінде таба алмадым.
Таба алмадым, артыма алаңдадым,
Неге, жаным, шығарып сала алмадың.
Көре алмадым, артыма алаңдадым,
Неге, қалқам, шығарып сала алмадың?
Ол мандалинде де әжептәуір ой-

найтыр. Үйіне қонақ келгенде өнші қыздарға ән айтықазатын. Өзі маңдалинімен қосылып отыратын. Оның талай рет қуасым болғаным бар. Осы тұста өткен кезеңнің тарих беттерін парақтап отырып, ақының тікелей байланысты болған оқиғалардан естелік айтудың сәті келіп тұрғаны.

1966 жылдың маусым айының 23 жұлдызы болатын. Облыс басшыларының шақыруымен Алматы қаласынан Қызылорда қаласына композитор Шәмші Қалдаяқов келді. Ол кезде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мұстақым Біләлұлы Ықсанов, идеология жөніндегі хатшы Қаржаубек Жарқынбеков еді.

Республикаға танымал талантты жас композитор Шәмші Қалдаяқовты күтіп алу облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Дәуірхан Айдаров «Ленин жолы» (бүгінгі «Сыр Бойы») газетінің редакторы Ұзақ Бағаев және облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Абылай

Айдосовқа жүктеліпті. Шақырғандағы басты мақсат – Сыр күрішін насихаттау және соған арнап ән шығару.

Сол келген сапарында Шәмші Қалдаяқов ақын Зейнолламен алғаш рет танысып, ақынның үйінде арнайы қонақ болған-ды. Қазақтың екі бірдей талантты азаматының кездесуінен кейін өмірге «Сыр сулуы» атты ән келген-ді. Әнін композитор Шәмші Қалдаяқов шығарып, сөзін ақын Зейнолла Шүкіров жазған еді.

Сол жылдарды әңгіме етіп отырған күндерінде өз басым Арал аудандық партия комитетінде қызмет атқарып жүріп, қызмет бабында Қызылорда қаласында іс-сапармен жүріп осы жоғарыда айтылған оқиғаларға күзгер болған едім.

Ой заман-ай, десеңізші. Содан бері елу жылдан астам уақыт өтіпті-ау?! Ақынның 50 жылдығында Нұрхан Жаннаев, Жанұзақ Қожабергенов, Адырбек Сопыбеков арнайы арнау өлең жазған-ды. Өлеңді оқып шыққаннан кейін ақын Зейнолла:

Нұрханым, Жанұзағым, Адырбегім,
Тұрғандай құлағыма әлі үндерің.
Көңілдің күй қобызы сазына кеп,
Қалды ғой бір желпініп, жаным менің.

Болғысы келмейді әлі кім ардақты,
Көңілде бірақ күдік, күмен қатты.
Күткені көп екен ғой менен елдің,
Бір сөтке сол үмітті жыр аңғартты.

Мен емен кеудеге ұрып жүрер күпті,
Кіммін мен, жырымды оқып кім елтіпті?
Қай жаққа көтермелеп барасыңдар,
Ғафулар көзі түссе, күлер тіпті, – деп оларға өлең жолдарын арнаған еді.

Қазақ ақындарының арасында Зейнолла Шүкіровтің өзіндік ерекше орны бар. Ол ақындық өнердің үлкен жолынан өткен. Сөйтіп үлкен топқа тыңнан жол салып, өз сурлеуімен қосылған ақын. Ол артына шығармашылық мол мұра қалдырды. Оның поэзиясы нәзік лириканы, асқақ романтиканы, ұзақ өрісті, этиканы құшағына сыйғыза білген. Кезінде оны қазақтың Корчагині деп те атаған. Ақын жайлы Мұзафар Әлімбаев «Құрыш қазақ» атты поэма жазып, кезінде «Лениншіл жас» бүгіні «Жас алаш» газетіне жариялаған-ды. Сүйікті ақынның 90 жылдық мерейтойы қарсаңында айтарымыз, өз сөзімен айтқанда қазақ әдебиеті тарихында ол жұлдыз болып жанды да, ол жұлдыз болып қалды да.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі



өкімішілік шаралар көзделгенін ескертеміз.

Ж.НҰРЛАНҰЛЫ,
аудандық төтенше
жағдайлар бөлімінің инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты

Сірге мөлдіретер

Қазақ салт-дәстүрге бай ел. Салт-дәстүр арқылы ұрпақ тәрбиелеп, тектіліктің, адамгершіліктің, қайырымдылықтың, жомарттық пен мәрттіктің, зеректік пен байқампаздықтың, көңпейілділік пен ізгіліктің көрінісін көрсеткен. Замана ағысымен бірге жүзіп, талай өзгерістен аман өтіп, бүгінгі күнге дейін желісін үзбей жеткен, көнекөз қариялардың жадында мықты сақталған, ел аузында көңінен таралған халық дәстүрлерінің әрқайсысы өз алдына құнды.



Ата-баба салт-дәстүрін берік ұстанатын, ұлт болмысын ерекше құрметтейтін, қазақ деген текті халықтың ұрпағы екенін мақтан тұтатын әр азамат ұлтымыздың бай мұрасы – салт-дәстүр, өдет-ғұрыптан аттамайтыны анық. Өзі өмірде қолданып қана қоймай, болашақ елдің тұтқасын ұстар жастарға да үйретіп, маңыздылығын жадына сіңіріп өсіреді. Қазіргі шежірелі қариялардың, ақсақалдардың айтуымен ғана ел арасын аралап жүрген дәстүрлер де бар. Олар кеңінен қолданылмаса да, ұмытылмаған. Құндылығын жойды дегуге болмас. Ертедегі қазақ дәстүрінің негіздері табиғи құбылыстармен табиғи амалдармен, мезгіл мекенмен де байланысты орайластырылған. Әсіресе әр мезгілге қарай шаруа жайың, мал-жанын қамдайтын қазақ үшін жыл мезгілдерінің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, сонымен бірге орындалатын салт-дәстүрі, үрдісі болатын.

Мәселен қоңыр күз келіп, құн суыта бастағанда қымыз әзірлеудің аяқталуына орай арнайы рәсім өткізілетін болған. Бүгінде бұл рәсімді ұстанатындар жоқтың қасы. Ертеден осы күнге жеткен дәстүр «Сірге мөлдіретер» деп аталады. Біреу білсе, біреу білмейтін бұл рәсімді кезінде қоңыр күз келісімен жарыса орындап, қазақтың тұрмыс салтының ажырамас бір бөлігіне айналған болатын. Сірге мөлдіретер кезінде – күздіңүні бие ағытардағы ақырғы қымыз ішілу үшін көрші-қолаң, туған-туыс шақырылады. Бұл дәстүрді өткізу үшін ауылдың үлкен ақсақалдары мен аналары шақырылатын. Қымыз ішіліп болған соң желінің қазығы мен бауына, биенің мандайына сары май жағылатын болған. Онан соң, «Сірге мөлдіретерден» кейін аман-есен, жұбымыз жазылмай «Қымыз мұрындыққа жетейік» деген жақсы тілек айтылып, биелер ағытылады. Кейбір жерде бұл игі дәстүр «Сірге жияр» деп те қолданылған екен. Ағарғанды қасиетті санап, оның қадіріне жете білген текті халықтың бұл рәсімді орындауында үлкен мән бар. Түптеп келгенде қазақтың қай салттың, қай дәстүрін алып қарасақ та ағайын-жұртты бір-біріне жақындастыру, көпшіл, қонақжай болуға үндейді, ақ дастархан басына жиып татулық пен бірлікті күн кешуді меңзейді.

«Өткенді білмей, келешекті білу мүмкін емес. Бұрын-ғының парқын білгендер ғана бүгінгінің нарқын білер» деген Ғабит Мүсірепов атамыздың сөзі бар. Сан ғасырдан бері халқымызбен жасасып келе жатқан өдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің қолданысына мүмкіндігінше қанық болғанымыз дұрыс. Жақсы жарасымын тапқан салт-дәстүрлер қазақ халқының пайым-түсінігімен, психологиясымен, тектілігімен астасып жатыр. Бізге аманат болған осындай ұлттық құндылықты көзіміздің қарашығындай сақтап, оны құрметтеу нәм болашақ ұрпаққа үлгі ету – біздің басты міндетіміз.

Дайындаған Нұр НАУАН

Қоғам дерті бәрінен қауіпті

Елдің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық алға басудағы маңызды қадамдардың бірі – сыбайлас жемқорлықты жеңу. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл індет әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.



Осы жылдар ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қалыптасты, бірқатар бағдарламалық құжаттар қабылданып, біраз жұмыстар да атқарылды. Соның айқын дәлелі осы жағдайға байланысты Президент Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қол астындағы адамдардың іс-әрекеттері үшін бірінші басшылардың жеке жауапкершілігі туралы: «Сыбайлас жемқорлық қылмысы орын алған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігі заңнамалық және нормативтік түрде реттелуі керек» деген болатын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі маңызды қадам азаматтардың заң алдындағы тең жауапкершілігі болып саналады. Қоғамда көбісі “Жемқорлыққа тап болған емеспін, ешкімге ақша, сыйлық ұсынған емеспін немесе аз ғана сомамен өз мәселелерін шешіп алдым” деп айтып жатады. Алайда азаматтар жемқорлықтың зардаптарын күн сайын сезінеді. Сол себепті мемлекетіміздің әрбір азаматы бұл ғасыр дертіне қарсы өте жауапкершілікпен, патриоттық көзқараспен қарауы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда шараларды қолдануға тиіс.

Дастан БАХТИЯРОВ,
аудандық қазынашылық басқармасы
басшысының орынбасары

Сақтансақ, сақтайды

Жаз маусымында аудан тұрғындарының су айдындарына барып шомылатыны және табиғат аясында демалатыны баршамызға мәлім. Соңғы 3 жылда арты қайғылы жағдаймен аяқталып, 11 адам суға кеткен болатын. Оның ішінде үшеуі бала.

Су – тілсіз жау

Орын алған оқыс оқиғаларға азаматтар мен жасөспірім балалардың су айдындарының көз келген жерлеріне суға түсуі, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамауы, жасөспірімдер мен балалардың үлкендердің қарауынсыз су айдындарының тыйым салынған жағалауларына баруы басты себеп болып отыр.

Аудан көлемінде суға түсуге белгіленген орындардың жоқтығына бай-

ланысты су айдындарына суға түсуге тыйым салынады және табиғат аясында демалу кезінде балаларды бақылаусыз қалдырмаңыз.

Аталған талаптар бұзылған жағдайларда Қазақстан Республикасы Өкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 364 бабы (Ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу) және 412-баптары (Су айдындарында қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе орындамау) үшінша

2022 жылы ІІІ тоқсанда Ақсу ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі					
Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Шілдебасов Марат Тныштықбайұлы	Ауылдық округ әкімі	Жұма сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін	Ақсу ауылы, Т.Елеусінов көшесі №16	22-0-24

2022 жылы ІІІ тоқсанда Жалағаш ауданының әкімдігі «Жалағаш кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кент әкімінің және орынбасарының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі				
№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Жамалатов Мардан Сырмағанбетұлы	Жалағаш кентінің әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағат 10.00-12.00 аралығы	Апта сайын
2	Дүйсембиев Берік Аманжолұлы	Жалағаш кенті әкімінің орынбасары	Дүйсенбі, бейсенбі күндері сағат 10.00-12.00 аралығы	Апта сайын

Оқырман олжасы



Сыр журналистикасының тарихы таныстырылды

Қазақ руханияты тағы бір құнды туындымен толықты. Жуырда «Сыр журналистикасының тарихы» атты 5 томдық еңбек қалың оқырманға жол тартқан болатын. Ақпарат айдынында өзіндік орны бар басылымдардың тарихы, қарымды қаламгерлердің өнегелі өмір жолы қамтылған еңбектің кейінгі буын үшін берері көп. Апта басында аудандық кітапханада аталған жинақтың таныстырылымы өтті. Айтулы шараға «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев, бас директордың орынбасары Айжан Абдуллаева, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов, қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Әзиз Батырбеков, аудандық газет редакциясының ардагерлері мен қызметкерлері, арнайы қонақтар қатысқан болатын. Қаламгерлер бас қосқан келелі кездесуде қазақ руханиятының өткені мен бүгіні сөз болып, тарих таразыланды. Аудандық газеттің ардагерлері ғасырға жуық тарихы бар басылымның әр кезеңдегі ерекшеліктеріне, бүгінге дейінгі жүріп өткен жолын сөз етті.

Облыстық мәслихат депутаты Аманжол Сақыпұлы басылым қызметкерлерінің бүгінгі еңбектерін тілге тиек етіп, оқырманға жол тартқан құнды туындыны жинақтауда білек сыбана кірісіп, үлес қосқан жандарға алғысын білдірді.

– Халықтың қоғамдық-саяси дүниетанымын кеңейтуде, аймақтың тыныс-тіршілігі, халықтың әлеуметтік жағдайын, жеткен жетістігі мен еңбек адамын насихаттауда мерзімдік басылымдар мен ондағы қаламгерлердің еңбегін ерекше атап өту керек. Әсіресе журналистер атқарған толассыз істердің қатарында аудан тарихынан сыр шертетін шежірелі дүниелердің ел жадында екені даусыз. Оның ішінде осы ауданның төл басылымы «Жалағаш жаршысы» газетінің қашаннан ешкімге ұқсамайтын өз жолы бар. Ауданның жасампаз істерге толы шежіресін жазуға «Жалағаш жаршысы» газетінің қаламгерлері де зор үлес қосты деп айтуға болады. Газеттің 88 жылдық тарихында өңір жылнамасы, тарихи сәттердің шежіресі жатыр, – деген «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры А.Оңғарбаев осы уақыт

аралығында бұл газет елдің көкейіндегісін айтатын, еңбеккерлердің ерөн еңбегін жариялаған басылым бола білгенін де атап өтті. «Сыр журналистикасының тарихы» атты 5 томдық еңбек біраз уақыт бұрын облыс әкімінің қолдауымен жарыққа шыққан болатын. Содан бері оқырманның қолына тиіп, лайықты бағасын алып та үлгерген еді. Аталған жинақта тек баспасөз шежіресі ғана емес, Сыр елінің тұтас тарихы қамтылған. Нақтырақ айтсақ, журналистика саласында қызмет жасаған ардагерлердің өткен ғасырдағы мемлекеттік маңызы бар елеулі оқиғаларды қамтыған мақаласынан келтірілген үзінділері мен ардагер аға-апаларымыздың естеліктері арқылы баспасөз тарихының сан қырлы қатпарлары ашылады. Сондай-ақ бүгінгі Сыр журналистикасының бағыты мен тыныс-тіршілігі айтылады. Яғни Сыр өңіріндегі журналистика саласының қалыптасуы мен дамуы, бағындырған белестері мен жетістіктері де кеңінен қамтылған.

Руханият ордасында ұйымдастырылған кешке қатысушылар жарық көрген еңбектің әр томындағы маңызды ақпараттар легіне

шолу жасалып қана қоймай, ондағы қаламы қарымды, бұл күнде марқұм болып кеткен көптеген ақын-жазушыларға, кәсіби журналистерге көрсетілген бүгінгі буынның құрметі екенін де жасырмады. Кешепі айлық жалақының шешілмеген қиын тұсында аудандық газетте редактор болған Көзжөғара Сүлейменов ағамыз да аға буынның саладағы еңбегі еселі дейді. «Аудандық газетте әр жылдары қызмет атқарған Т.Сарыбаев, А.Сәдібеков, Т.Дайрабаев, И.Шахаров, С.Баймаханов, Т.Тәшенов, М.Илиясов, А.Аялов, Ж.Сарбалаев, Қ.Нұрғалиев, А.Бекарыстанов, Б.Үзбәев, І.Мұстафаев, Б.Шайланов, Ж.Әбжәмилов, А.Тілеулиев, Қ.Нұрханов, Т.Ахметов сынды қарымды қаламгерлер өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Осындай мықты қаламгерлерге қара шаңырақ бола білген аудандық басылымның тарихы тереңде» деген ел ағасы қазіргі журналистиканың ауқымына да тоқтала кетті. Ал ардагер журналист Серік Бөртаев «Жалағаш жаршысы» газеті аймақта өзіндік өрелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқын, аудан жұртшылығы сүйсіне оқитын,

тамыры тереңнен бастау алатын беделді басылымдардың бірі екенін атап өтіп, өткеннің қиын әрі қызықты кезеңдерін еске алды.

Расында ақпарат айдынында ғасырға жуық уақытта абырой биігінен түспей, кеңінен қанат жайып келе жатқан аудандық газеттің өресі биік. Бүгінгі таңда алдыңғы буынның салып кеткен сара жолын жалғайтын, оқырманның сураныс-талабына сай жағымды әрі шынайы ақпараттардың, тың туындылардың жариялануына күш салып жүрген ұжымдағы әрбір қызметкердің еңбегі елеулі деуге болады. Қаламгерлер қауымы да аудандағы жылт өткен жаңалықты, жарқын жобаларды мақаласына арқау етіп, жалағаштық жұртшылықтың құнды дүниелерге қанық болуы үшін қызмет етуде.

Жарық көргеніне көп уақыт өтпесе де, оқырманның ықыласын аудартып үлгерген «Сыр журналистикасының тарихы» атты 5 томдық жинақта әр дәуірдің әр жылдары «Колхозшы», «Күрішшілер», «Коммунизм үшін», «Коммунизм шамшырағы», «Жаңадария», «Жалағаш жаршысы» атауымен жарыққа шығып, аудан жаңалықтарының жаршысына айналған аудандық басылымның тарихы, онда қызмет істеген журналистердің өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған. Сондықтан аталған 5 томдықтың жалағаштықтар үшін де берері көп және ерекше еңбек деп айтуға болады.

Келелі кездесуде аталған еңбектің әр томына кеңінен тоқталған қаламгерлер баспасөз ісі заманға сай жаңғырғанын да айтып өтті. Әсіресе көп қиындықпен бетпе-бет келген аудандық басылым «Сыр Медиа» ЖШС-ның

жауапкершілігіне өткелі осындай мәселелер кезең-кезеңімен шешімін тапқаны сөз болды. Жалғыз «Жалағаш жаршысы» ғана емес, серіктестікке қарасты барлық басылымдар мазмұны жағынан да, көркемдік жағынан да жаңаша сипатқа енді. Технологиялық жағынан да қамтамасыз етіліп, журналистердің сапалы жұмыс жасауына мүмкіндіктер туды.

Дегенмен осы күнге жетуімізге көп еңбек сіңірген, ауданның төл басылымында әр жылдары еңбек еткен газет ардагерлеріне лайықты құрмет көрсету – бүгінгі буынның парызы. Соның ізімен тағылымды кеште редакция ардагері, осында ұзақ жылдар қажырлы еңбек еткен Жақсыгүл Ташенова апайымыздың 80 жасқа толған мерейлі мерекесіне орай аудан әкімінің «Құттықтау хаты» мен сый-сиялаты беріпсе, басқа да ардагерлерге «Сыр медиа» ЖШС бас директорының алғыс хаты мен «Сыр журналистикасының тарихы» атты 5 томдық еңбек табысталды.

Ел тәуелсіздігінің жемісті қадамдарын, саяси оқиғаларды, қоғамдағы өзгерістерді ақпараттандыруда, елді бірлікке шақырып, еңбек қаһармандарын халық арасында насихаттауға зор үлес қосып жүрген ардагер журналистер мен газет қаламгерлерінің, жалпы қоғам журналистерінің көтеріп жүрген жүгі жеңіл емес. Өйткені бұл салада жүрген әр маман қаламның құдіретін ұғынуы және сол қалам мен қағаз арқылы ел тағдырына да өзгеріс енгізе алатынын жіті түсінуі керек.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Ауылдағы бір күн



Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда

Таңмен таласып тұрып, ауданға қарасты Мәдениет ауылына жол тарттық. Тіректі елді мекенге кіргеннен ауыл тұрғындарының орталық алаңға ағылып жатқанына куә болдық. Барлығы да орталық алаңда өтетін ерекше шараға асығуда. Бірінің қолында қазақы бұйымдар, бірінің қолында самаурын, енді біреуі жеңіл көлігіне түскизілдері мен күбірлерін тиеуде. Көз қуантқаны, қыз-келіншектердің, ақжұалықты аналардың қазақы киіммен әсемденіп алғаны еді. Көшедегі көзсүйсіңтер осы бір көрініске тамсанып отырып, орталық алаңға біз де жетіп қалыппыз. Алыстан менмұңдалаған самаурынның түтіні мен асылған қазан-ошақ қазақ деген жайдары халықтың бейқам өмірін бір сәтке көз алдымызға әкелді.

Әр таңда жаңа күнді аман-есен қарсы алғанда бүгінгі күніміздің жақсы, сәтті өтуін тілейтін мен үшін көз алдымдағы көрініс ерекше жайлылық сыйлады. Орталық алаң жеті қатарға бөлініп, әр қатарда ұлттық өмірдің дағдысынан сыр шертетін түрлі бұйымдар орналастырылыпты. Ең бірінші қатарда қыз-келіншектер айран пісіп, құрт жаяуда. Екінші қатардағы аналарға нан жабу мен бауырсақ қуыру жүктелсе, келесі қатардағылар диірмен тартып, келі түюді жауапкершіліктеріне алған. Мұнан кейінгілерінде құрақ құрау, арқан есу, жүн сабау, тұту, ұршық иіру, шыбын ұрғыш жасау мен ләңгі дайындау, арамен бөрене кесу сынды тағылымды тәрбие беретін тұрмыстық салт-дәстүрлер көрсетілген. Жастарға, оқушыларға ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, әдет-ғұрыптарды қайта жаңғырту мақсатында ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар да ойнатылып, жігерлі жастардың қайратын одан ары қамшылағандай болды. Ауыл балаларына, қаланың жастарына ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, қазақ мәдениеті мен өнері бүгінгі ұрпақ үшін

сарқылмас мұра екенін ұғындыру басты мақсат болды.

Орталық алаңның кіреберісіне орналастырылған «Ұлттық мұра – ұлт қазынасы» деп аталған тарихи жәдігерлермен толықтырылған көрменің өзі ауыл балаларынан бұрын қаланың жастарына қызық әрі рухани азық болды деуге болады. Өйткені көрмеге қойылған ер-тоқым, кереге, алаша, самаурын, мыстан жасалған құмаң, сандық, келі, садақ, иінағаш сынды тұрмысқа қажетті бұйымдардың кейбірі қалалық балаларға таныс емес екенін байқадық. Балалар әрбір жәдігерді қолмен ұстап көріп, олардың құрылысымен, қолданыстағы міндетімен танысты. Шығу тарихынан да хабардар болып, осындай мәдени мұраға бай текті халықтың ұрпағы болғанын мақтан тұтатынын да жасырмады.

Шынын айту керек, Мәдениетте өткен шараның маңызы зор. Ал осындай тарихи нысанды істің басы-қасында жүрген «Апапат» партиясы аудандық филиалының «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында ұйымдастырған бұл жұмыстарына

халық оң бағасын берді. Ұлттық мәдениетті насихаттап, дәстүрді дәріптеу арқылы жастарға ұлттық негіздегі тәрбиені берудегі айтулы шара мақсатына жете алды деуге болады. «Ата-баба тұрмыс-тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналған салт-дәстүр – біздің мәдени мұрамыз, ұлттық құндылықтарымыздың бастауы. Өйткені көз келген ұлтты бір-бірінен ерекшелейтін салт-дәстүрі болса, біздің менталитеттің, барлық бітім-болмысымыздың тұтастай көрінісі осында жатыр» деген «Апапат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншагүл Мұстафаева қазіргі қазақ қоғамында ұлттық құндылықтарды танып-білудегі, дәріптеу жолындағы насихат жұмыстарының жеткіліксіз екенін де жасырмады. Расымен елді мекенде өткен шара барысында балалардың кейбірінің, тіпті басым бөлігінің салт-дәстүр, тұрмыстағы тіршіліктің көбін білмейтініне көз жеткіздік. Бірақ аталған шара біреуді сынап-мінеу үшін емес, осындай жеткіншектерге ұлттық негіздегі тәрбиені беруді көздеген еді. Әр қатардағы міндеттерді мойындарына алған аналар

қауымы қыз балаларға нан жабуды, күбі шайқап, одан май алуды, құрт жайып, бауырсақ пісіруді, жүн сабап, оны тұтуды, ұршық иіріп, құрақ құрауды үйретті.

Қазақ мәдениетіндегі атқа міну де бұл шараның өзектілігін арттыра түскендей еді. Атқа міну, ер-тоқымның құрылысымен танысу, қамшы өріп, ләңгі дайындау сынды тәрбиелік мәні бар жұмыстарды үйретуде ауылдағы ақылгөй ақсақалдар төбе көрсетті. «Ат – ер қанаты» демекші, ер балалар көкпарда бақ сынайтын ауылдың аламан жастарының бірі Думан есімді жігіттің сәйгүлігіне мініп көріп, бір сәт өздерін аттың жалында, атанның қоымында жүрген батыр баһадүрлердің ұрпағы екенін сезінді. Ал ақсақалды қария атқа қай жағынан қалай міну керек екенін, ер-тоқымды ерттеудің ретін мұқият түсіндірді. «Атты алдымен ерітмесек бұрын, оның басына жүген кигізіледі. Мұны бірінші болып кигізуіміздің себебі кейбір мініс аттар асау болады. Яғни жүген салмай ерттей бастасаң, тепсініп, сес көрсетіп еріттеуге мұрша бермейді. Ал жүген бірінші болып салынған соң, әлгі сауырын сипатпайтын аттар қойдан жуас

болып тұра қалады» деген ауыл ардагері Қ.Сарбасов қамшының да өзіндік маңызы зор екенін айтты.

Қарап отырсақ, расымен бабаларымыз осы бес күндік жалғанды қамшының сабына теңеуі бекер емес. Одан бөлек ат ер қанатына айналған ерте замандарда ата-бабаларымыз үйге келген қонақтың қамшы ұстауына қарап-ақ оның ойындағысын ұғынып отырған. Мәселен, үйге түскен қонақ қолындағы қамшысын есік аузына іле келсе, оның асығыс екенін, үйге көп бөгелмейтінін ұққан. Ал қамшыны өзімен бірге ішке ала кіріп, отырған жеріне тастаса, оның ұзақ жол жүріп, шаршап-шалдығып келе жатқанын айтқызбай-ақ байқаған. Тиісінше қонағына қалай құрмет көрсетуі керек екенін білген. Міне, осындай көреген халықтың ат өзбелдерін қалай пайдаланғанынан-ақ көп нәрсе аңғара аламыз. Ал ат ерттеу, ердің ісі дегендей ер балалар айтылған ақыл-көңесті бірден зерделеріне тоқып, іс жүзінде көрсете алды.

Ұлттық тәрбие баланың ой қуатының артуына, қазақы салт-дәстүрдің қадір-қасиетін терең зерделеп, өзінің ұлттық болмысының қалыптасуына игі әсер етеді. Ал ұлттық ойындар ұрпақтың жігерін жанып, шымыр ете түседі. Ойын арқылы жастардың бітімін қалыптастырып, тәзімділікке де тәрбиелей аламыз. «Ауыл – тәрбие ордасы» тақырыбын арқау етіп, биылғы «Балалар жылына» орай ұйымдастырылған рухани демалыс күні спорт алаңында ұлттық ойындар да ойнатылды. Жасөспірімдер асық атты, арқан тартты, басқа да ойын түрлерінен бақ сынасты. Шара соңында ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді насихаттауда белсенділік танытқан азаматтарға партия атынан алғыс хаттар табысталса, балаларға балмұздақ үлестірілді.

Күнделікті күйбең тірліктен шаршаған талай жанның жанын сергітіп, нанталап күйден бір сәтке арылып, рухани демалыс сыйлаған, ұлттық мұраларымызды қайта жаңғыртқан, кезіндегі қазақ тұрмысын тануға мүмкіндік берген Мәдениеттегі бір күн тағылымды тәрбие бере алды десек, артық емес. Қанша жерден дамыған заманда өмір сүргенімізбен, бүгінгідей қарбалас күйден, қазақ тұрмысының күйбеңі мың есе артық екен. Ұлтымызға тән барлық мәдени мұраларымыздың «Ұлттық құндылықтар» деп аталуының мәнін тағы бір түсіндік. Ұлттық құндылық – ұлттың бітім-болмысы, ата-бабамыздың сарқылмас қазынасы, бүгінге аман-есен жеткен тең келмес мұра.

Нұр НАУАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның
түпкілікті қозқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында
теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС
сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС
баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1120